№ 7540-20-00-2/914

ҰЙҒАРЫМ

19 ақпан 2021 жыл **Алматы қаласы**

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық соты, құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Абимұрат, хатшылықта А.Кожамжаров, тараптар қатысуысыз, талап қоюшы Б.Ш. Бакировтың, Алматы қаласы Әузов ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылы 8 маусымдағы сот шешіміне түзету еңгізу туралы арызын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотына Б.Ш. Бакировтың Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 8 маусымдағы сот шешіміне түзету еңгізу туралы арызы келіп түскен.

Аталған сот шешімімен талап қоюшы талап қоюшы Бакиров Байтанатар Шакенович, жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсынович қарыз ақша өндіріп алу туралы талап қою арызы, қанағаттандырылсын. Жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсынович, талап қоюшы Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтың пайдасына 18 558 450 (оң сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге қарыз ақша өндірілсін. Жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтаң мемлекеттік пайдасына 185 584 (жүз сексен бес мың бес жүз сексен төрт) теңге 5 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Аталған сот шешімінде сот қателік жіберіп, талап қоюшының тегін Сейтанов Сайлаубай Турсынович деп көрсеткен, алайда Бакиров Байтанатар Шакенович деп көрсетілуі қажет болатын.

ҚР АПК-нің 235-бабы 2-тармағына сәйкес сот өз бастамашылығымен немесе іске қатысушы адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазулар мен айқын арифметикалық қателерді түзете алады. Түзетулер енгізу туралы мәселе сот отырысында шешіледі. Іске қатысушы адамдарға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қаруға кедергі түзетуге болмайды.

Айтылғанның негізіне жіберілген қате, түзетуге жатады.

ҚР АПК-нің 235,268-269-баптарые басшылыкка алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Бакиров Байтанатар Шакеновичтың арызы-қанағаттандырылсын.

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 8 маусымдағы сот шешімінде көрсетілген тегі Бакиров Байтанатар Шакенович деп өзгертілсін.

Ұйғарымға оның түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап Әуезов ауданының № 2 аудандық соты арқылы Алматы қалалық сотына он жұмыс күн ішінде апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы, прокурор өтінішхат білдірілуге болады.

Судья Копия верна судья Абимурат Г.М. **Абимұрат Г.М.**

Құжатқа қол қойылған: Абимұрат Г. М., 26.02.2021

7540-20-3-6/80